Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредиттер саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Химия, биология (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	
Пәнді оқу мақсаты	Экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім алу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білім алу.
Пән мазмұны	Экология және оның қысқаша даму тарихы. Экология туралы түсінік. Популяциялар экологиясы – демэкология. Популяция туралы жалпы мағлұмат. Популяция құрылымы мен түрлері. Қауымдастықтар экологиясы-синэкология. Синэкологияның зерттеу объектілеріне жалпы сипаттама. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфера – ғаламдық экожүйе ретінде. Биосфераның негізгі қасиеттері. Тұрақты даму тұжырымдамасы, стратегиясы мен принциптері. Халықаралық экологиялық ынтымақтастық Табиғи ресурстар оларды тиімді пайдалану тұрақты дамудың аспектісі. Жасыл экономика және тұрақты даму. Табиғатты қорғау және тұрақты даму. Жасыл экономика және тұрақты даму. Табиғатты үнемді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау шаралары.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін студент: Білуі тиіс: экология ғылымының қалыптасу тарихы мен оның мәселелерін, табиғат қорғауды және рационалды табиғат пайдалануды; тірі ағзалардың тіршілік ортасының экологиялық жағдайын, қоршаған ортаға факторлардың әсер ету заңдылығын; Дағдылары болу керек: экологиялық процестерді

	талдауда, табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының приоритеттері мен міндеттерін қоюда, қойылған міндеттерді шешу үшін алған білімді пайдалану; табиғи ортаның бұзылуымен, жекелей алғанда топырақ эрозиясымен күресу әдістерін, қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану салаларында жаңа технология мен көзқарастарды меңгеру; Күзиретті болуы керек: табиғи ортаны қорғау принциптері мен табиғат пайдалану салаларында; биосфера мен биоалуандылықтың тұрақтылығын сақтау және социумның катастрофалық дағдарыссыз дамуы мақсатында; орта факторының әсер ету дәрежесін анықтауда;
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Оспанова Г.С. Экология: оқулық / Г.С Оспанова, Г.Т Бозшатаева.- 2-бас.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 315 б. 2.Жайлыбай К.Н. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі оқу құралы / К.Н. Жайлыбай, С.Қ. Райымқұлова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 84 б. 3.Баубеков С.Ж. Табиғатты қорғаудағы экология негіздері оқулық / С.Ж. Баубеков, С.Т. Дуйсенбаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 308 б. 4. Булекбаева К.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау оқулық / К.Б. Булекбаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 157 б. 5. Экология және тұрақты даму оқулық / А.Қ.Саданов, Н.Ш.Сүлейменова, Н.С.Дәменова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 404 б. 6. Бигалиев, А.Б. Биозкология "Экология" маман. бойынша ун-т студ. арн. оқулық / А.Б. Бигалиев.- Алматы: Эверо, 2015.- 276 б Қосымша 7.Бигалиев А.Б. Общая экология. Издание второе, переработанное и дополн. – Алматы: Издательство «NURPRESSE», 2011 г. 8.Абубакирова К.Д., Кожажулов С.О. Экология и устойчивое развитие. Алматы, 2011г 9.Тонкопий М.С., Сатбаева Г.С., Имкулова Н.П., Анимисова Н.М. Экология және тұрақты даму: оқулық: ҚР Білім және ғылым м-гі. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 – 312 б. 10.Алимов М.Ш. Экология и устойчивое развитие. – Алматы, 2012г 11.Колумбаева С.Ж., и др. Экология и устойчивое развитие. Алматы, «Қазақ университеті», 2011г

Пәннің коды мен атауы	ZhIN 2265 Жасанды интеллект негіздері
Пәннің ПОҚ	Тойлыбаев Н.С., Сапиева Г.Е.
Цикл	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Кредит	5

Оқу түрі	күндізгі
Семестр	4
Пререквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Постреквизиттері	Мехатрондық және робототехникалық жүйелер, Бағдарламалық қамтамасыз ету және интеллектуалды басқару жүйелері модулі
Мақсаты	Студенттерде жасанды интеллекттің (ЖИ) теориялық және қолданбалы негіздері бойынша базалық білімдерді қалыптастыру, негізгі әдістер мен алгоритмдерді меңгеру, сондай-ақ заманауи технологияларды қолдана отырып интеллектуалдық жүйелерді әзірлеу дағдыларын дамыту.
Мазмұны	Жасанды интеллектке кіріспе. Білімді ұсыну. Логикалық шығару. Шешімдер іздеу әдістері. Сараптамалық жүйелер. Бұлыңғыр логика. Машиналық оқыту. Нейрондық желілер. Терең оқыту. Интеллектуалдық агенттер. Табиғи тілді өңдеу (NLP). ЖИ-дің этикалық аспектілері. ЖИ-ге арналған бағдарламалық құралдар.
Құзыреттілігі	- жасанды интеллекттің негізгі ұғымдары, әдістері мен технологияларын білу; - интеллектуалдық жүйелердің жұмыс істеу принциптерін түсіну; - ЖИ алгоритмдерін практикалық міндеттерді шешуде қолдану; - ЖИ-модельдерді әзірлеу, оқыту және ендіру саласында құзыретті болу.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
	Негізгі: 1. Боровская Е.В. Основы искусственного интеллекта: учеб. пособие.- 6-е изд.- Москва: Лаборатория знаний, 2024.- 127 с. 2. Бессмертный И.А. Искусственный интеллект. Введение в многоагентные системы: учебник для вузов - Москва: Юрайт, 2025.- 148 с. 3. Рассел С. Жасанды интеллект. Жаңашыл әдіс: 1-том: Жаңашыл әдіс: оқулық; ҚР білім және ғылым м-гі; ҚР жоғары оқу орын. қауымдастығы.- Алматы: [б. ж.], 2013.- 540 б. Қосымша: 1. Абдыкаримов Б.А. Разработка моделей и алгоритмов автоматизированной оценки знаний с использованием технологий искусственного интеллекта; МОН РК; КГТУ.- Караганда: ЕГЭ, 2006.- 162 с. 2. Сейдалиева Г.О. Интеллектуалдық және сараптау жүйелері[Электрондық ресурс]: оқу құралы.- CD- R 700MB Мо 52x 80 min.- Алматы: ҚазҰАУ, 2008.- 59 б. 3. Шыңғысов Б.Т. Робот техникасы негіздері: оқулық - Алматы: Ланкар Трейд, 2019.- 129 б.

Пәннің коды мен атауы	SZhKM 2263 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
-----------------------	--

Пәннің ПОҚ	Толенди М.А., Абдикешов М.К.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық(мектеп бағдарламасы), Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Пәннің постреквизиттері	Модуль 6. Бизнесті басқару және оңтайландыру
Пәнді оқу мақсаты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез – құлықтарының стандартын, сыбайлас жемқорлықтың кез – келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыруға бағытталған.
Пән мазмұны	Мемлекет пен құқықтың түсінігі мен белгілері. Мемлекет пен құқықтың шығу тегі жөніндегі негізгі теориялар. Объективтік құқық және субъективтік құқық . Құқықтың саясатпен, моральмен, экономикамен байланыстылығы. Құқықтың атқаратын қызметтері (функциялары). Құқықтық жүйе, құқық жүйесі мен заңнама жүйесі түсініктерінің арақатынасы. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері мен топтастырылу өлшемдері. Құқық нормасының түсінігі мен белгілері. Құқық нормасының құрылымы. Гипотеза, диспозиция, санкция мен олардың түрлері. Құқықтық қатынас түрлері. Құқықтық қатынастың құрылымы. Құқық қабілеті мен әрекет қабілеті. Құқықтық қатынастың субъектілері мен объектілері. Құқықтық қатынастың мазмұны. Субъективтік құқық пен заңды міндет. Жеке және заңды тұлға. Құқық бұзушылықтың заңды құрамы. Құқық бұзушылықтың субъектісі, объективтік және субъективтік жақтары. Заңды жауапкершілік, оның түрлері. Заңды жауапкершіліктен босатудың негіздері. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының азаматтық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының экологиялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. Халықаралық құқық негіздері, «Сыбайлас жемқорлық» түсінігінің теориялық – әдістемелік негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет субъектілеріжәне олардың құзыреттері. Сыбайлас жемқорлықтың этикалық және типологиялық қырлары және олардың тарау аясы. Сыбайлас жемқорлық – адам құқығын бұзушы фактор ретінде. Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруші ретінде. Сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықтар, оның құрамы. Лауазымды тұлғаның өкілеттілігін иелену. Қызметтік жалғандық, Пара алушылық.

Пәннің құзіреттілігі	- біледі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерін, Қазақстанның қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелерін, Мемлекеттік басқару органдарының жүйесін және олардың өкілеттіктерінің шеңберін, материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл тетігін, сыбайлас жемқорлықтың мәнін және оның шығу себептерін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік және құқықтық жауапкершілік шараларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнаманы; - түсінеді материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл механизмін; - қолдана алады нақты жағдайларда азаматтық құқық нормаларын; - құзретті дамыған құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыруда.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Ағыбаев А.Н. Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық: оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 160 б. 2. Мырзатаев Н.Д. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 112 б. 3. Турдалиев Ә.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы: оқу құралы.- Алматы: МонтеКристо, 2018.- 372 б. 4. https://ukma.kz/files/IMAGES/session/ 5. Ә.О.Турдалиев, Ж.Ж.Жағыпар. Сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл пәні бойынша әдістемелік оқу құралы / - Алматы: CyberSmith, 2017.- 372 б. Қосымша: 6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы.- Алматы: Альманах, 2017.- 30 б.- (Заң кітапханасы). 7. Ағыбаев А.Н. Ответственность за отдельные виды коррупционных правонарушений по новому уголовному Кодексу Республики Казахстан: учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 88 с. 8. Баймолдина С.М. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью: учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 184 с. 9. Закон Республики Казахстан "О противодействии коррупции".- Алматы: Альманах, 2017.- 30 с.

Пәннің коды мен атауы	GZN 2264 Ғылыми зерттеулердің негіздері
Пәннің ПОҚ	Жумабаева А.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі

Семестр Пәннің пререквизиттері Пәннің постреквизиті	4 Орта мектептің бағдарламасы Модуль 5. Техникалық қамтамасыз ету және автоматтандырылған жүйелердің инфрақұрылымы
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерді ғылыми зерттеулерді сәтті жүргізуге дайындау, сондай-ақ олардың болашақ ғылыми немесе кәсіби қызметінде пайдалы болатын дағдыларды дамыту.
Пән мазмұны	Ғылыми әдіске кіріспе. Зерттеу сұрақтарын тұжырымдау. Зерттеуді жоспарлау. Деректерді жинау әдістері. Деректерді өңдеу және талдау. Ғылыми зерттеулердің этикалық аспектілері. Ғылыми зерттеулерді талдау және сынау. Ғылыми зерттеулердегі қазіргі тенденциялар.
Пәннің құзіреттілігі	-біледі нақты зерттеу мәселелерін шешу үшін деректерді жинаудың ең қолайлы әдістерін; -түсінеді нақты зерттеу сұрақтары мен гипотезаларды; - қолдана алады зерттеу үдерісіндегі ғылыми әдістерін; - құзыретті зерттеу қызметінде және білімнің әртүрлі салаларында ғылыми әдістерді сәтті қолдану.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Кентбаева Б.А. Методология научных исследований: учебник; МОН РК; КазНАУ.- Алматы: Нур-Принт, 2015.- 209 с. 2. Кадыров А.С. Основы научных исследований: моногр.- Караганда: АҚНҰР, 2018.- 310 с. 3. Пономарев А.Б. Методология научных исследований в автоматизации и управлении: учеб. пособие; МОН РФ; ФГБОУ ВПО "Перм. нац. исслед. политехн. ун-т".- Пермь: Перм.нац. исслед.политехн.ун-та, 2014.- 186 с. 4. Айешева Г.А. Основы научно-исследовательской работы: учеб. пособие для студ. эконом. спец.; Зап.-Казахст. АТУ им. Жангир хана.- Уральск: Зап.-Казахст. АТУ им. Жангир хана, 2015.- 139 с. Қосымша: 5. Спандияров, Е. Основы научных исследований и инновации: практ. пособие.- Алматы: Эверо, 2013.- 144 с. 6. Болдин А.П. Основы научных исследований: учебник - 2-е изд., перераб. и доп.- М.: Академия, 2012.- 352 с.- (Высшее образование. Бакалавриат). 7. Ертазин Х.Е. Организация агробизнеса: учеб. пособие.- Астана: Фолиант, 2009.- 200 с.- (Профессиональное образование).

Пәннің коды мен атауы	ҚР азаматтық құқығы
Пән ПОҚ	Толенди М.А., Абдикешов М.К.
Цикл	ЖБП /ТК
Оқыту деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит саны	5
Оқу формасы	күндізгі
Семестр	4

Пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық(мектеп бағдарламасы), Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Постреквизиттері	Модуль 6. Бизнесті басқару және оңтайландыру
Пәннің мақсаты	Азаматтық-құқықтық ұғымдар мен категориялардың негізін меңгеру, азаматтық-құқықтық нормаларын талдай білуді үйрену және оларды тәжірибе барысында қолдану: - азаматтық құқықтың негізгі теориялық ережелерін түсіндіру; азаматтық заңнамалардың маңызы мен нарықтық экономикасының қалыптасуына ықпалы мен маңызын түсіндіру; - қазіргі кездегі азаматтық заңнамалардың сапалық құрамы мен даму болашағын саралау; - азаматтық құқықтық қатынастар туындағанда студенттердің заң нормаларын дұрыс қолдана білуге үйрету; - азаматтық заң нормаларын түсіндіру барысында кездесетін кейбір құқықтық – теориялық күрделі мәселелерді саралай білуге студенттерді бейімдеу болып табылады.
Пәннің мазмұны	Азаматтық құқық құқықтағы салалық ғылымдардың ең маңызды саласы. Азаматтық құқықтың мәні азаматтық заңнаманың нарықтық экономикаға зор әсерімен анықталады. Пәнді оқу барысында студент азаматтық құқық түсінігі, қайнар көздері, қағидалары, азаматтық құқықтық қатынас элементтері, жеке тұлға, заңды тұлға, кәсіпкерлік түсінігі, шарт, мәміле, міндеттеме түсінігі, оны орындауды қамтамасыз ету әдістері, интеллектуалдық меншік, мұрагерлік құқық туралы мәліметтер алып шығады.
Пәннің күзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: - Азаматтық құқық ғылымымен құрастырылған көзқарастар туралы, осы және өзге де сұрақтар бойынша теорияларды, бұл көзқарастарды бағалау мен үйрену дағдыларын қалыптастыруды, азаматтық заңнаманың қолданылу мәселелерін білуі тиіс; - Азаматтық құқық саласында алған білімдерін талдау мен жинақтауды, жеке құқық саласындағы сұрақтар мен құқықтық мәселелерді сәтті шешуге, азаматтық құқық заңнамаларын пайдалануға дағдысы болу керек; - заңға дәлме-дәл сәйкес келетін құқықтық құқықтық әрекеттерді жасауға және шешімдерді қабылдауға, кәсіби қызметте нормативтік-құқықтық актілерді қолдануға, материалдық және процессуалдық құқық нормаларын іске асыруға, фактілер мен мән-жайларды заңи дұрыс саралауға күзіретті болу керек.
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Оқыту ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер 1. Жайлин, Ғ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Жалпы бөлім [Мәтін]: оқу құралы.- Алматы: Жеті жарғы, 2014.- 304 б. 2. Азаматтық құқық: Жалпы бөлім [Мәтін]: оқу құралы / Г.М.Тлеубаева, А.А.Кожахметова, И.К.Жадраев,

	А.Т.Жунисалиев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Alem book, 2023.- 136 б. 3. Белов, В.А. Гражданское право в 4 томах. Т. II. Общая часть. В 2 книгах: учебник для вузов.Кн. 1: Лица, блага - 2-е изд., перераб. и доп. - Москва: Юрайт, 2022. - 453с. БД РМЭБ http://rmebrk.kz/book/1187071 4. Мейірбекова, Г.Б.Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Жалпы бөлім [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал.- Алматы: TechSmith, 2024.- 228 б. 5. Азаматтық құқық (жалпы бөлім). / Г.М. Тлебаева, А.А. Кожахметова, И.К. Жадраев, А.Т. Жунисалиев. - Алматы: Отан ЖҚ, 2016. - 152б. БД РМЭБ http://rmebrk.kz/book/1174992 6. Азаматтық құқық: Жалпы бөлім [Мәтін]: оқу құралы / Г.М.Тлеубаева, А.А.Кожахметова, И.К.Жадраев, А.Т.Жунисалиев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Alem book, 2023.- 136 б. Тлебаева, Г.М. 7. Гражданское право: Общая часть [Текст]: учеб.-метод. пособие; МОН РК; ТарГУ им. М.Х.Дулати.- Алматы: Alem book, 2023.- 220 с. Қосымша әдебиеттер: 1. Идрышева, С. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Ерекше бөлім [Мәтін]: оқу құралы.- Астана: Фолиант, 2015.- 248б. 2. Өмірзақов, П.Қ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы бойынша практикум: Ерекше бөлім [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал.- Алматы: Эверо, 2022.- 256 б. 3. Белов, В.А. Гражданское право в 4 томах. Т. III. Особенная часть. Абсолютные гражданско-правовые формы. В 2 книгах: учебник для вузов.Кн. 1: Формы отношений принадлежности вещей - 2-е изд., перераб. и доп. - Москва : Юрайт, 2022. - 319с. БД РМЭБ http://rmebrk.kz/book/1187069
--	--

Пәннің коды мен атауы	Еко 2124 Экономика
Пәннің ПОҚ	А. Саурукова, А. Джумабаева
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр, атауы)	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	«Адам. Қоғам. Құқық»; Қазақстан тарихы; География (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Модуль 6. Бизнесті басқару және оңтайландыру
Пәнді оқу мақсаты	Экономиканың үй шаруашылығы, фирмалар, елдер мен әлемдік шаруашылық деңгейінде қызмет етуін және дамуын анықтайтын, экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін ашып көрсететін негізгі базалық ұғымдар мен теориялық ережелерді зерттеу.

Пән мазмұны	Изучение основных базовых понятий и теоретических положений, раскрывающих сущность экономических явлений и процессов, которые определяют функционирование и развитие экономики на уровне домашнего хозяйства, фирмы, страны и мирового хозяйства. Экономикалық теорияның пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Экономикалық жүйелер. Қоғамдық шаруашылық нышандары. Меншік қатынастары және олардың экономикадағы рөлі. Нарық экономикалық қатынастар жүйесі ретінде. Капитал: мәні және нысандары. Кәсіпкерлік. Еңбек және капитал нарығы. Факторлық табыстардың қалыптасуы. Жер рентасы және кәсіпкердің табысы. Ұлттық экономика жүйе ретінде. Экономиканың циклдік дамуы. Жұмыссыздық және оның нысандары. Инфляция және оның түрлері. Ақша – несие және қаржы жүйесі. Экономикалық өсу. Әлемдік экономика. Предмет экономической теории и методы исследования. Основы общественного производства. Экономические системы. Формы общественного хозяйства. Отношения собственности и их роль в экономике. Рынок как система экономических отношений. Капитал: сущность и формы. Предпринимательство. Рынки труда и капитала. Формирование факторных доходов. Земельная рента и доход предпринимателя. Национальная экономика как система. Цикличность развития экономики. Безработица и ее формы. Инфляция и ее виды. Денежно-кредитная и финансовая системы. Экономический рост. Мировая экономика.
Пәннің құзіреттілігі	Модулді меңгергеннен кейін бакалавр: білуі тиіс: негізгі экономикалық категорияларды; экономикалық талдау әдістері мен әдіснамасын; кез-келген субъект, фирма, мемлекет олардың негізінде шешім қабылдайтын қағидаларды. қабілетті болуы керек: ұтымды ойлауға; экономиканы дамудың экономикалық заңдылықтары негізінде шешім қабылдауға; экономикалық құбылыстарды зерттеу кезінде экономикалық талдау моделін пайдалануға; неғұрлым тиімді шешімдер қабылдау мақсатында экономикалық агенттердің мінез-құлық қалыптастыруға. меңгеруі керек: ұлттық және әлемдік экономиканың даму тенденциялары туралы экономикалық ақпараттарды талдау және оларды сыни тұрғыдан қабылдау дағдыларын; құзыретті болу керек: экономикалық ойлау мәдениетін меңгеруге: көптеген нұсқалардың ішінен неғұрлым ұтымдысын таңдау шешімін, ең негізгісін анықтау мақсатында екінші кезекті мәселені дерексіздендіру; қоғам дамуының жекелеген мәселелері бойынша пайымдауларды әзірлеу үшін деректерді қорытындылау және түсіндіруге қабілеті болу.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан

Пәннің оқытылу мерзімі	Экзамен 1 академиялық кезең (15 апта) 1 академический период (15 недель)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: 1. Мәуленова, С.С. Экономикалық теория [Мәтін]: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б. 2. Есенғалиева, Қ.С. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / Қ.С. Есенғалиева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақстан-Британ техн. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2015.- 576 б. 3. Мэнкью Грегори Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет. 4. Сагинова, Б.К. Жылжымайтын мүлік экономикасы [Мәтін]: оқулық / Б.К. Сагинова, А.Е. Бименова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2014.- 220 б. 5. Есполов, Т.И. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / Т.И. Есполов, Қ.М. Белгібаев, Ж.Ж. Сулейменов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: ҚазҰАУ, Айтұмар, 2012.- 261 б. 6. Есполов, Т.И. Экономикалық теория негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Т.И. Есполов, Қ.М. Белгібаев, Ж.Ж. Сулейменов; Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігі; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы: ҚазҰАУ, Айтұмар, 2012.- 300 б. 7. М.В.Ахмедьярова. Экономикалық теория: Оқу құралы /Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М., Оралтаев Т.; Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016. 8. Есполов Т.И.,Белгібаев Қ.М. Экономикалық теория негіздері. Оқу құралы.2013 ж. 9. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Экономикалық теория, Алматы, 2015 ж. 10. Мауленова С.С., Бекмолдин С.Қ., Құдайбергенов Е.Қ. Экономикалық теория. Оқулық. – Алматы, 2017 ж.-386 бет. Қосымша әдебиеттер: 11. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 12-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет. 13..Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика: экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 30 б. 14.Көшімова М.Ә. Макроэкономика: оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б., 2009.

Пәннің коды мен атауы Пәннің ПОҚ Пән циклі	Кас 2122 Кәсіпкерлік А. Саурукова, А. Джумабаева ЖБП/ТК
--	---

Оқу деңгейі Білім беру бағдарламасы Академиялық кредит	Бакалавр 6B07101 – Автоматтандыру және басқару 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр Пәннің пререквизиттері	4 «Адам. Қоғам. Құқық»; Қазақстан тарихы; География (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	Модуль 6. Бизнесіні басқару және оңтайландыру
Пәнді оқу мақсаты Пән мазмұны Пәннің құзіреттілігі	Кәсіпкерліктің негіздерін, соның ішінде бизнесті құру және дамыту процестерін түсіну. Кәсіпкерліктің негіздерін, соның ішінде бизнесті құру және дамыту процестерін түсіну. Бизнес идеясы және бизнесті жоспарлау. Стартап-менеджмент және инновация. Маркетинг және сату. Қаржы және тәуекелдерді басқару. Кәсіпкерліктің құқықтық және салықтық аспектілері. Кәсіпкердің этикасы және әлеуметтік жауапкершілігі. Кәсіпкерліктің тенденциялары мен перспективалары. -біледі салық жүйесі және кәсіпкердің міндеттерін; -түсінеді кәсіпкерлік қызметтің мақсаттары мен міндеттері; - қолдана алады шешімдер және белгісіздік жағдайында әрекет ету; - құзыретті кәсіпкерлік қызмет саласында.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі Әдебиеттер тізімі	1 академиялық кезең (15апта) Негізгі: 1. Котерова Н.П. Экономика организации: учеб. - 7-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2014.- 288 с.- (Профессиональное образование). 2. Куратко Д.Ф. Предпринимательство: теория, процесс, практика; ОФ "Национальное бюро переводов".- 8-е изд.- Алматы: Национальное бюро переводов, 2019.- 514 с.- (Рухани жаңғыру). 3. Переверзев М.П. Предпринимательство и бизнес. учебник.- М.: ИНФРА-М, 2019.- 176 с.- (Высшее образование. Бакалавриат). 4. Яковлев Г.А. Организация предпринимательской деятельности : учеб. пособие - 2-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2019.- 313 с.- (Высшее образование. Бакалавриат). 5. Айтжанова Д.А. Предпринимательство: учебник.- Алматы: Эверо, 2020.- 240 с. Қосымша: 5. Балашов А.П. Основы менеджмента: учеб. пособие.- М.: Вузовский учебник, 2011.- 288 с. 6. Григорьев В.И. Правовой статус и деятельность индивидуального предпринимателя.- Алматы: Б.и., 2011.- 108 с. 7. Ертазин Х.Е. Организация агробизнеса: учеб. пособие.- Астана: Фолиант, 2009.- 200 с.- (Профессиональное образование).

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ:6B07101 – «АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ»

Берілетін дәреже: 6B07101 – «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры

3 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
5 семестр – 30 академиялық кредит			
Жоғары оқу орны компоненті-15 кр.			
КП	SARZh 3307	Сызықтық автоматты реттеу жүйелері	5
БП	ZhMBK 3259	Жүйені модельдеудің бағдарламалық құралдары	5
БП	AU 3240	Аграрлық экономика	5
Таңдау компоненті- 15кр.			
БП	AMBP 3258	Автоматиканы монтаждау, баптау және пайдалану	5
	BOK 3260	Бақылау- өлшегіш құралдары	
БП	DT 3249	Деректерді талдау	5
	AOMM 3244	Автоматтандыру объектілерін математикалық модельдеу	
БП	EZhZh 3238	Есептеу жүйелері мен желілері	5
	AK 3250	Ақпараттық қорғаныс	
6 семестр – 30 академиялық кредит			
Жоғары оқу орны компоненті-15кр.			
КП	BARZh 3324	Бейсызықты автоматты реттеу жүйелері	5
	ATO 3222	Автоматтандырудың технологиялық объектілері	5
БП	OP 3231	Өндірістік практика	5
Таңдау компоненті-15кр			
БП	MP 3240	Микроконтроллерді программалау	5
	OK 3252	Өнеркәсіптік контроллерлер	
БП	BZhMK 3254	Басқару жүйелеріндегі микропроцессорлық кешендер	5
	MO 3242	Метрология және өлшеулер	
БП	OA 3270	Оңтайландыру әдістері	5
	AZhDB 3239	Автоматтандыру жүйелерінің деректер базасы	

Пәнді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	SARZh 3307 Сызықтық автоматты реттеу жүйелері
Пәннің ПОҚ	Медетбаева С., Тойлыбаев Н.С.
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Модуль 4. Автоматика, электроника және электртехника негіздері
Пәннің постреквизиттері	Бейсызықты автоматты реттеу жүйелері

Пәнді оқу мақсаты	Компьютерлік техниканы пайдалана отырып, автоматты басқару теориясының негіздерін терең білетін маманды дайындау.
Пән мазмұны	Басқару және реттеу теориясының автоматты жүйелері мен міндеттері. Тұрақты үздіксіз сызықты жүйелердің модельдері, талдау негіздері және жалпы қасиеттері. Қарапайым үздіксіз стационарлық жүйелердің орнықтылық өлшемдері мен аймақтары. Өтпелі процестер және үздіксіз тұрақты басқару жүйелерінің сапасы. Кешігу жүйелері. Орнықтылықты қамтамасыз ету, реттеу сапасын арттыру және сызықтық АБЖ синтезі.
Пәннің құзіреттілігі	-біледі сызықты басқару жүйелері теориясының негіздерін және оларды математикалық сипаттау әдістерін; - түсінеді техникалық объектілер мен өндірістерді автоматтандыру міндеттеріндегі автоматты жүйелердің рөлі мен орнын; - қолдана алады сызықты алгебра әдістерін, матрицалар теориясының негіздерін, дифференциалдық теңдеулерді және сызықты жүйелердің жалпы қасиеттерін талдау үшін кешенді айнымалы функциялар теориясының негіздерін; - құзретті автоматты реттеудің тұрақты, дәл және сапалы сызықты жүйелерін жобалауда
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Бейсенбі М.Ә. Сызықты автоматты басқару жүйелерінің теориясы.- Алматы: Эверо, 2014.- 284 б. 2. Мусаев Ж.С. Автоматты басқару теориясының негіздері: оқулық.- Алматы: Эверо, 2020.- 272 б. 3. Байтенова Л.М. Ақпараттық жүйелерде мәліметтерді басқару: оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2016.- 194 б. 4.https://docplayer.gr/83708473-Avtomatty-bask'aru-teoriyas.html Қосымша: 5. П.А.Бутырин. Автоматизация физических исследований и эксперимента компьютерные измерения и виртуальные приборы на основе Lagview: 30 лекций.- 2- изд.,- М.: ДМК Пресс, 2011.- 265 с. 6. Шишмарев В.Ю. Автоматизация технологических процессов: учеб. 7-е изд., доп.- М.: Академия, 2013.- 352 с. 7. Фурсенко С.Н. Автоматизация технологических процессов: учеб. пособие.- Мн.-М.: Новое знание; ИНФРА-М, 2015.- 377 с.

Пәннің коды мен атауы	ZhMBK 3259 Жүйелерді модельдеудің бағдарламалық құралдары
Пәннің ПОҚ	Тенгаева А.А., Тойлыбаев Н.С.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5

Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Модуль 2. Базалық бағдарламалау
Пәннің постреквизиттері	Модуль 7. Автоматтандыру реттеу жүйелері
Пәнді оқу мақсаты	Matlab ортасында есептеу, визуализация және бағдарламалау, қарапайым функцияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру.
Пән мазмұны	Matlab бағдарламасына кіріспе. Массивтермен жұмыс. m файлдарын жасау және пайдалану. Графиктер . Бағдарламалау. Теңдеулерді және олардың жүйелерін шешу. Toolbox бумасының мүмкіндіктері. Дифференциалдық теңдеулерді және олардың жүйелерін Matlab-та шешу. Жеке туындылардағы дифференциалдық теңдеулер. PDE Toolbox. Simulink жалпы сипаттамасы. Модель құру. Simulink кітапханасының негізгі компоненттері. Simulink сигналы және олардың атрибуттары. Уақыт сигналының көзі. Тіркеу құрылғылары. Аналогты блоктар.
Пәннің құзіреттілігі	-біледі MatLab жүйесінде жүйелерді модельдеудің типтік математикалық сұлбаларын; -түсінеді MatLab моделдеу және бағдарламалау әдістерін; -қолдана алады MATLAB(Simulink) ортасындағы технологиялық үрдістер мен автоматтандырудың техникалық құралдарында басқарудың физикалық үрдістерін Имитациялық үлгілеудің қазіргі заманғы әдістерін; -құзыретті заманауи бағдарламалық құралдардың көмегімен әр түрлі сипаттағы процестер мен құбылыстарды бағдарламалауда және модельдеуде.
Қорытынды бақылау нысаны	Экзамен
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академический период (15 недель)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Исқакова А.С. MatLab бағдарламалау тілі. Оқу құралы- Алматы: Эверо, 2020.-96б. 2.Исқакова А.С. MatLab жүйесінде модельдеу элементтері. Оқу құралы-Алматы, 2021.-92б. 3.Коткин Г.Л. Компьютерное моделирование физических процессов с использованием MatLab.-М: Юрайт, 2020.-202б. 4.Iskakova A.S.Solving problems on probability theory in the Matlab system - Almaty: 2018.- 208 p 5.Морозов В.К. Моделирование процессов и систем. Оқу құралы-М: Академия, 2015.-272б. Қосымша: 1.Ощепков А.Ю. Системы автоматического управления: теория, применение, моделирование в MatLab - СПб.: Лань, 2013.- 208 с. 2.Өжікенов Қ.Ә. MATLAB/ SIMULINK: Жүйелерді модельдеудің бағдарламалық құралдары: Оқу құралы- Алматы, 2012.-284б 3.Гайдук А.Р. Теория автоматического управления в примерах и задачах с решениями в MATLAB - СПб.: Лань, 2011.- 464 б. 4.Шампайн Л.Ф. Решение обыкновенных дифференциальных уравнений с использованием MatLab. Оқу құралы-М: Лань, 2009.-304б.

	5.Черных И.В. Simulink: среда создания инженерных приложений. М.: Диалог-МИФИ.2004.
Пәннің коды мен атауы	АЕ 3240 Аграрлық экономика
Пәннің ПОҚ	Джумабаева А.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Әлеуметтік-саясаттану білім және салауатты өмір салты модулі
Пәннің постреквизиттері	Модуль 10. Өндірістік жүйелерді автоматтандыру
Пәнді оқу мақсаты	Студенттердің агробизнесі ұйымдастыру теориялық негіздерімен практикалық дағдыларын меңгеру
Пән мазмұны	Агробизнесінің мәні мен құрылымы және кәсіпкерліктің түрлері. Агробизнес кәсіпорындары. Агробизнесінің менеджменті. Агробизнесітегі кооперация. Ауылшаруашылық кәсіпорындарда экономикалық талдауды ұйымдастыру. Ауылшаруашылық кәсіпорындарында ресурстарды пайдалануды ұйымдастыру. Ауылшаруашылық өнім өндірісін ұйымдастыру. Агробизнесіте ақылды техника мен технологияларды қолдану. Агробизнес жүйесіндегі цифрландыру элементтері қолданылатын маркетинг. Агробизнесі мемлекеттік реттеу. Агробизнесіте бір терезе қағидасы негізінде ақпараттық жүйелерді ұйымдастыру. Қаржы ресурстарын ұйымдастыру. Цифрландыруді қолдану арқылы бизнес-жоспарлар мен инвест-жобаларды құру.
Пәннің құзіреттілігі	-біледі аграрлық экономиканы және бизнесті трансформациялау және цифрландыру жағдайында басқару принциптерін теориялық және тәжірибелік білімді;агробизнес саласындағы мәселелерді шешу және дәлелдерді дамыту үшін бизнесті құрудың тиімді жүйесін құру, әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандардағы фирмалар мен кәсіпорындардың жұмыс істеу тетіктерін; - түсінеді бизнес-жоспарды құру принциптері; -қолдана алады агробизнесі ұйымдастырудың практикалық дағдылары; - құзретті агробизнесі ұйымдастыруға және оның тиімділігін бағалай білуге.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Нұрғалиева А.А. Агробизнесі ұйымдастыру. Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2015. 2. Кенже Л.С. Агробизнесі ұйымдастыру [Электронный ресурс]: оқу құралы- Алматы: Айтұмар, 2016.- 168 б 3. Тажибекова К.Б. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы - Қарағанды: Ақ Нұр, 2012.- 240 б. 4. Гриффин Р. Менеджмент. 12-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 768 бет. 5. ҚазҰАУэлектронды кітапханасы

	http://library.kaznau.kz/new/?lang=ru Қосымша: 1. Организация производства и предпринимательство в АПК: под ред. М.П.Тушканова.- М.: ИНФРА-М, 2020.-270с 2. В.М.Круглик. Конкурентоспособность предприятия (фирмы): учебное пособие.- Мн.-М.: Новое знание; ИНФРА-М, 2016.- 285 с. 3. Макроэкономические механизмы и инструменты регулирования индустриально-инновационного развития АПК РК: моногр./ под общ. ред. Т.И.Есполова, Г.Р.Мадиева, У.К.Керимовой [и др.]; МСХ РК; НАО "КазНАУ"; НИИ агробизнеса и консалтинга.-Алматы: Ғылым ордасы,2017.-574 с. 4. Тиреуов К.М. АПК Казахстана в условиях глобализации экономики: моногр.- Алматы: Б.и., 2016.- 229 с. 5. Умбиталиев А.Д. Предпринимательство: учебник.- Шымкент: ЮКГУ им. М.Ауэзова, 2015.- 376 с. 6. «Ауылшаруашылық кооперативтер туралы» ҚР Заңында пайдаланылатын негізгі түсініктер мен терминдер (2015 жылғы 29 қазанынан № 372-V) Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ.
--	--

Пәннің коды мен атауы	ДТ 3249 Деректерді талдау
Пәннің ПОҚ	Тойлыбаев Н.С.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Модуль 1. Жаратылыстану-ғылыми дайындық
Пәннің постреквизиттері	Оңтайландыру әдістері, Аграрлық экономика
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерге ақпараттандырылған шешімдер қабылдау үшін деректерді өңдеу, түсіндіру және пайдалану әдістері мен әдістерін үйрету.
Пән мазмұны	Деректерді талдаудың анықтамасы және оның шешім қабылдаудағы рөлі. Деректерді талдаудың негізгі кезеңдері: жинау, тазарту, талдау, визуализация, интерпретация. Сипаттамалық статистика: орташа, медианалар, стандартты ауытқулар. Инференциалды статистика: гипотеза тестілері, интервалды бағалау, корреляция.
Пәннің құзіреттілігі	- біледі негізгі статистикалық ұғымдарын; - түсінеді деректерді талдаудың статистикалық әдістерін; - қолдана алады статистикалық тест нәтижелерін; - құзыретті деректерді талдау процесін ұйымдастыру және басқару.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)

Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Ахметов К.А. Технология анализа данных: учебник. - Алматы: Эверо, 2022.- 400 с. 2. Козлов А.Ю. Статистический анализ данных в MS EXCEL: учеб. пособие.- М.: ИНФРА-М, 2014.- 320 с.- (Высшее образование).. 3. Амирханова А.А. Математическое программирование: учеб. пособие; МОН РК; КазАТУ им. С.Сейфуллина.- Астана: КазАТУ им. С.Сейфуллина, 2015.- 105 с. 4. Кадырбеков Т.К. Болжаудың экономикалық-математикалық және эконометрикалық үлгілері. Оқу әдістемелік құрал. Зертханалық жұмыстар жинағы-Алматы: Эверо, 2020.-132 б. 5. http://lib.kaznau.kz/Res/Atuhanov%20-Matematicheskie.pdf Қосымша: 6. Кацко И.А. Практикум по анализу данных на компьютере: учебник.- М.: КолосС, 2009.- 278 с. 7.КадырбековТ.К. Болжаудың экономикалық-математикалық және эконометрикалық үлгілері: оқу-әдістемелік құрал.- Алматы: Эверо, 2020.- 132 б. 8. Емелина Н.К. Эконометрика: учеб. пособие.- Алматы: Эверо, 2020.- 212 с. 9. Құрақбаев Ж.С. Экономикадағы математикалық модельдеу: оқу ұралы - АлматыCyberSmit, 2021.- 136 б. 10. http://lib.kaznau.kz/Res/Tireuov_Akhmetov-Ekonometrika.pdf
-------------------	--

Пәннің коды және аты	АОММ 3244 Автоматтандыру объектілерін математикалық модельдеу
Пәннің ПОҚ	Тенгаева А.А., Тойлыбаев Н.С.
Пәннің циклі	БП/ТК
Оқыту деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредиттер саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің перереквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Объектілі бағытталған бағдарламалау/ Python тілінде бағдарламалау
Пәннің постреквизиттері	Сызықтық автоматты реттеу жүйелері, Бейсызықты автоматты реттеу жүйелері
Пәнді оқыту мақсаты	Студенттерде автоматтандыру объектілерін Matlab ортасында математикалық модельдеу дағдыларын қалыптастыру.
Пәннің мазмұны	Кіріспе. Simulink-тің жалпы сипаттамасы. Модель құру. Simulink кітапханасының негізгі компоненттері. Simulink-тегі сигналдар және олардың атрибуттары. Уақыт сигналының көзі. Тіркеу құрылғылары. Аналогтық блоктар.Тендеулерді модельдеу және олардың жүйелері. Дифференциалдық тендеулерді модельдеу және олардың жүйелері. Дербес туындылы дифференциалдық тендеулерді модельдеу.
Пәннің құзыреттілігі	-біледі статикалық және динамикалық модельдерді,

	заманауи бағдарламалық қамтаманы қолдана отырып жүйелерді модельдеуді; -түсінеді автоматтандыру жүйелерін модельдеу әдістерін; -қолдана алады автоматтандыру жүйелерін модельдеу кезінде алған білімдерін; -құзыретті заманауи бағдарламалық қамтама құралдарын қолдана отырып, автоматтандыру жүйелерін модельдеуде.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің ұзақтылығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Петров А.В. Моделирование процессов и систем: учеб. пособие.- СПб.: Лань, 2015.- 288 с. 2.Ощепков А.Ю. Системы автоматического управления: теория, применение, моделирование в MATLAB: учеб. пособие.- 2-е изд., испр. и доп.- СПб.: Лань, 2013.- 208 с. 3. Овечкин Г.В. Компьютерное моделирование:- 2-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2017.- 224 с. 4. Морозов В.К. Моделирование процессов и систем: учеб. пособие.- 2-е изд., перераб.- М.: Академия, 2015.- 272 с. 5. Зарубин В.С. Моделирование: учебник для вузов.- М.: Академия, 2013.- 336 с. Қосымша: 6.Жаңбыров Ж.Ғ. Бақылау-өлшеу құралдары және автоматикаға техникалық қызмет көрсетуде техникалық қауіпсіздікті сақтау: оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 92 б. 7.Шоланов Қ.С. Автоматика негіздері: оқулық; ҚР Білім және ғылым м-гі; ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы.- Алматы: MV PRINT, 2013.- 188 б.

Пәннің коды мен атауы	АМВР 3258 Автоматиканы монтаждау, баптау және пайдалану
Пәннің ПОҚ	Медетбаева С., Тойлыбаев Н.С.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Модуль 4. Автоматика, электроника және электртехника негіздері
Пәннің постреквизиттері	Модуль 9. Технологиялық процестерді автоматтандыру
Пәнді оқу мақсаты	Өнеркәсіптік кәсіпорындарды автоматтандыру жүйелерінде қолданылатын типтік жабдықты орнату ерекшеліктері туралы негізгі ақпарат беру.
Пән мазмұны	Жобалау бойынша жалпы мәліметтер. Негізгі ережелер. Автоматтандыру жүйелерінің жобаларына қойылатын негізгі талаптар. Техникалық жобаны және жұмыс сызбаларын орындау. Монтаждау-реттеу жұмыстарын ұйымдастыру негіздері. Монтаждау мен жөндеуді жүргізудің шаруашылық және мердігерлік тәсілдері. Орнату кезеңдері. Монтаждау жұмыстарын басқарудың ұйымдық құрылымы. Монтаждау

	кезінде қолданылатын материалдар мен құрылғылар. Іске қосу-баптау жұмыстары, сынау аппаратурасы мен аспаптары. Шахталық автоматика бұйымдарын монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету.
Пәннің құзіреттілігі	-біледі өндірісте аспаптарды монтаждауды; -түсінеді аспаптарды реттеу сапасының рұқсат етілген параметрлеріне баптауды түсіну; -қолдана алады өлшеу құралдарын ұтымды таңдау, монтаждау және баптау дағдыларын қолдану; -құзретті технологиялық жабдықта өлшеу құралдарын дұрыс таңдау және монтаждау кезінде
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Исембергенова Н.Т. Автоматика элементтері мен құрылғылары: оқулық- Алматы: Бастау, 2009.- 233 б. 2. Мусаев Ж.С. Автоматты басқару теориясының негіздері: оқулық - Алматы: Эверо, 2020.- 272 б. 3. Байтенова Л.М. Ақпараттық жүйелерде мәліметтерді басқару: оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2016.- 194 б. 4. https://docplayer.gr/83708473-Avtomatty-bask'aru-teoriyasi.html Қосымша: 5. П.А.Бутырин. Автоматизация физических исследований и эксперимента компьютерные измерения и виртуальные приборы на основе Lagvlew: 30 лекций.- 2- изд.,- М.: ДМК Пресс, 2011.- 265 с. 6. Шишмарев В.Ю. Автоматизация технологических процессов: учеб.- 7-е изд., доп.- М.: Академия, 2013.- 352 с. 7. Фурсенко, С.Н. Автоматизация технологических процессов: учеб. пособие - Мн.-М.: Новое знание; ИНФРА-М, 2015.- 377 с.

Пәннің коды мен атауы	ВОК 3260 Бақылау- өлшегіш құралдары
Пәннің ПОҚ	Медетбаева С., Тойлыбаев Н.С.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Модуль 4. Автоматика, электроника және электртехника негіздері
Пәннің постреквизиттері	Модуль 9. Технологиялық процестерді автоматтандыру
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерді қазіргі заманғы ғылым мен техниканы метрологиялық қамтамасыз ету негіздеріне, қазіргі заманғы құралдар мен физикалық шамаларды өлшеу әдістеріне оқыту
Пән мазмұны	Өлшеу түрлері мен әдістері, өлшеу қателіктері. Өлшеу құралдары, өлшеу құралдарының метрологиялық сипаттамалары және оларды нормалау. Метрологиялық қамтамасыз ету негіздері. Электрлік, магниттік және

	электрлік емес шамаларды өлшеу құралдары. Өлшеу ақпараттық жүйелері. Өлшеу экспериментін дайындау, өлшеу нәтижелерін өңдеу. Стандарттау негіздері. Сертификаттау негіздері.
Пәннің күзіреттілігі	-біледі ветрология мен стандарттаудың теориялық негіздерін, өлшеу құралдарының әрекет ету принциптерін, әртүрлі физикалық шамаларды өлшеу әдістерін; -түсінеді өлшеу құралдарының сипаттамалары мен түрлерін; -қолдана алады әртүрлі физикалық шамаларды өлшеу үшін техникалық құралдарды қолдану, қолданылатын өлшеу құралдарын монтаждау мен реттеуді жүргізу; -құзретті аспаптарды тандау және өлшеулер жүргізу мәселелерінде.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Жаңбыров Ж.Ғ. Бақылау-өлшеу құралдары және автоматикаға техникалық қызмет көрсетуде техникалық қауіпсіздікті сақта: оқу құралы: Эпиграф, 2016.- 92 б. 2. Мусаев Ж.С. Автоматты басқару теориясының негіздері: оқулық.- Алматы: Эверо, 2020.- 272 б. 3. Шишмарев В.Ю. Автоматизация технологических процессов: учеб.- 7-е изд., доп.- М.: Академия, 2013.- 352 с. 4.https://docplayer.gr/83708473-Avtomatty-bask'aru-teoriyasu.html Қосымша: 5. Автоматизация физических исследований и эксперимента компьютерные измерения и виртуальные приборы на основе Lagvlew: 30 лекций / П.А.Бутырин, Т.А.Васьковская, В.В.Каратаев [и др.]- 2- изд.,- М.: ДМК Пресс, 2011.- 265 с. 6. Исембергенова Н.Т. Автоматика элементтері мен құрылғылары: оқулық.- Алматы: Бастау, 2009.- 233 б.

Пәннің коды мен атауы	EZhZh 3238 Есептеу жүйелері және желілері
Пәннің ПОҚ	Дильмагамбетова Б.М.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Пәннің постреквизиттері	Модуль 8. Бағдарламалық қамтамасыз ету және интеллектуалды басқару жүйелері
Пәнді оқу мақсаты	Ақпараттық жүйелерді техникалық қамтамасыз етуді құру үшін есептеу жүйелерін, желілерді және телекоммуникацияларды құрудың теориялық негіздерін алу және ұйымдастыру.
Пән мазмұны	Есептеу техникасының жағдайы және даму үрдістері. Есептеуіш машиналардың функционалдық және

	құрылымдық ұйымдастырылуы. Есептеу жүйелерінің құрылымы. Есептеу желілерінің архитектурасы. Компьютерлік желілердің негізгі түсініктері мен жіктелуі. Желілік модельдер. Желілік жабдықтар, Желілік қызметтер, желілік компьютер. Желілерде Коммутация және бағыттау. Жергілікті желілер. Желілердің сенімділігі мен қауіпсіздігі.
Пәннің құзіреттілігі	- біледі есептеу жүйелері мен желілерін ұйымдастыру принциптерін; - түсінеді желілік технологиялар құрылымыларын; - қолдана алады есептеу жүйелері мен желілерін ұйымдастыру үшін жабдықтарды; - құзыретті желіні жобалауда және желілік жабдықты таңдауда.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Мелехин В.Ф. Вычислительные системы и сети: учеб.- М.: Академия, 2013.- 208 с. 2.Дильмагамбетова Б.М. Организация вычислительных сетей и систем: учебное пособие; Министерство образования и науки РК; Казахский национальный аграрный университет.- Алматы: Айтумар, 2013.- 296 с. 3.Операционные системы, сети и интернет-технологии: учебник; под ред. В.Л.Матросова.- М.: Академия, 2014.- 272 с. 4.Костров, Б.В. Сети и системы передачи информации: учебник.- М.: Академия, 2017.- 256 с. Дополнительная: 5.Одом У. Компьютерные сети. Первый шаг = Computer Networking: First-step. -СПб.: Вильямс, 2006. - 432 с. 6.Таненбаум Э, Уэзеролл Д. Компьютерные сети. - Питер, 2012. - 960 с. 7.Cisco Systems, Inc. Программа сетевой академии Cisco CCNA 3 и 4. Вспомогательное руководство = Cisco Networking Academy Program CCNA 3 and 4 Companion Guide. - М.: «Вильямс», 2006. - С. 944.

Пәннің коды мен атауы	АК 3250 Ақпараттық қорғаныс
Пәннің ПОҚ	Дильмагамбетова Б.М.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Пәннің постреквизиттері	Модуль 8. Бағдарламалық қамтамасыз ету және интеллектуалды басқару жүйелері
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерді вирустармен күрес, қолданушылардың идентификациясы және ақпаратты қорғау әдістерін үйрену, замануи криптожүйелермен, осы облыстағы стандарттар

	және заңдылықтармен, компьютерлік ақпаратты қорғау құралдармен, ұйымдастырушылық техникалық, алгоритмдік, т.б. әдістермен таныстыру
Пән мазмұны	Ақпаратты қорғау (АҚ) құралдарын жіктеу. АҚ құралдарының тиімділігін бағалау. Ақпараттық процестерде ақпаратты енгізу, шығару, беру, өңдеу және сақтауды жүзеге асыру кезінде ақпаратты қорғау. Ақпаратты қорғау әдістері мен құралдары. АҚ-ң теориялық әдістері. АҚ жүйесін модельдеу әдістерін жіктеу және жалпы талдау. Ақпаратты қорғаудың тәжірбиелік әдістері. Басқару, кедергілер, жасыру, шектеу, ықпал ету, ықтиярсыздық. Компьютерлер мен желілердегі ақпаратты қорғаудың программалық құралдары. Вирустардан қорғау. Программалық қамтаманы рұқсатсыз қолданудан қорғау. Қолданушыларды ДЭЕМ идентификациялау және аутентификациялау. Программалық қамтаманы зерттеуден қорғауды ұйымдастыру. Жөндеуіш жұмысының арнайы ерекшеліктерін қолдану. Ашық тораптарда ақпаратты қорғау. Клиент-сервер архитектурасын қорғау. Деректер қорын басқару жүйесін қорғау. Ақпаратты қорғаудың крипто-графикалық құралдары. Симметриялы криптожүйелерді шолу. Орын ауыстыру. Орынға қою жүйесі. Гаммирлау. Кездейсоқ сандар датчиктері. Блокпен шифрлау стандартымен танысу. Ашық кілтті жүйелер. Ашық кілтті жүйелердің теориялық негіздері. Берілетін және сақталатын деректерді қорғау үшін ашық кілтті криптожүйелер алгоритмін қолдану. Электрондық қолтаңба. Компьютерде және желіде ақпаратты қорғауды ұйымдастыру және техникалық құралдары. АЖ қауіпсіздік деңгейін бағалаудың әдістері. Ақпаратты қорғау мен бақылауды басқарудың ұйымдастырушылық шаралары. Ақпаратты қорғаудың заң жүзіндегі шаралары. Компьютерлік және желілік ақпараттарды қорғаудың техникалық құралдары.
Пәннің құзіреттілігі	-біледі ақпараттық үрдістерді енгізу, шығару, тасымалдау, өңдеу және сақтауды іске асыруда ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын; -түсінеді қорғау жүйелерін ДЭЕМ-ді бекітілмеген қатынастан және вирустардан қорғау жүйелерін; -қолдана алады ақпараттық жүйелерді (АЖ) функционалды оптимизациялау үшін ақпаратты қорғау құралдарын қолдануды; - құзретті ақпараттық жүйелердің қауіпсіздік деңгейін бағалауда және ақпараттың қордауын ұйымдастыруда.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау: білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені / құраст. Б.Қ. Тульбасова, С.А. Омарова, Р.К. Унайбаева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Абай атын. ҚазҰПУ.- Алматы: Нур-Принт, 2012.- 115 б.

	2.Аяжанов Қ.С.Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау: оқулық.- Алматы: Дәуір, 2012.- 376 б Қосымша: 1.Галатенко В. А. Стандарты информационной безопасности. - М.: Интернет-университет информационных технологий, 2006. - 264 с. 2.Галицкий А. В., Рябко С. Д., Шаньгин В. Ф. Защита информации в сети - анализ технологий и синтез решений. М.: ДМК Пресс, 2004. - 616 с. 3.Гафнер В.В. Информационная безопасность: учеб. пособие. – Ростов на Дону: Феникс, 2010. - 324 с. 4.Запечников С. В., Милославская Н. Г., Толстой А. И., Ушаков Д. В. Информационная безопасность открытых систем. В 2-х томах 7.Лепехин А. Н. Расследование преступлений против информационной безопасности. Теоретико-правовые и прикладные аспекты. М.: Тесей, 2008. - 176 с.
--	---

Пәннің коды мен атауы	BARZhT 3324 Бейсызықты автоматты реттеу жүйелері
Пәннің ПОҚ	Медетбаева С., Тойлыбаев Н.С.
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B07101 – Автоматтандыру және басқару
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	6
Пәннің пререквизиттері	Сызықтық автоматты реттеу жүйелерінің теориясы, Автоматика, электроника және электротехника негіздері модулі
Пәннің постреквизиттері	Модуль 10. Өндірістік жүйелерді автоматтандыру
Пәнді оқу мақсаты	Автоматты басқару теориясының негіздерін терең білетін және заманауи компьютерлік техника құралдарын кеңінен қолдана отырып, автоматты жүйелерді құру бойынша есептеу жұмыстарын орындай алатын маман даярлау.
Пән мазмұны	Сызықтық емес үздіксіз және дискретті автоматты басқару жүйелерінің теориялары. Автоматты реттеудің сызықты емес үздіксіз импульсті жүйелерін автоматты сипаттау, тұрақтылығы мен сапасын зерттеу әдістері.
